

Ішкі жиынтық бағалау тапсырмалары

Педагогикалық
өлшеулер
орталығы
Назарбаев
Зияткерлік
мектептері
NIS

Экономика

12-сынып



Астана, 2016

Кіріспе

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқушылардың оқу жетістігін бағалау кезінде критериалды бағалаудың үш түрі қолданылады: қалыптастырушы бағалау, ішкі жиынтық бағалау, сыртқы жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалау (ҚБ) – оқу бағдарламасына сәйкес сабақ беру және оқыту бөлігі ретіндегі мұғалімдердің жүргізетін ағымдағы бағалауы. Әр түрлі формада жүзеге асырылады (ауызша, жазбаша және практикалық тапсырмалар мен т.б.) және мұғалім мен оқушының оқыту үдерісін түзетуге мүмкіндік береді.

Ішкі жиынтық бағалау (ІЖБ) – мектептегі тоқсан аяғында өткізілетін ақпараттар блогын оқып бітіруде білім деңгейін және оқу дағдыларының қалыптасқанын анықтайтын бағалау.

Сыртқы жиынтық бағалау (СЖБ) – бастауыш, негізгі және жоғары мектепті аяқтағандағы білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтайтын және ұйымның құрастырған мектепке қатынасы бойынша сыртқы бағалауы.

Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушылардың оқу мақсатына жету үшін қажетті дағдыларды түсінуіне, ал мұғалімдердің нақты оқу мақсатына жетуді анықтау кезінде қиындық тудыратын оқушыларға қолдау көрсетуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жетістік критерийі қолданылады.

Балл қою кестесі ІЖБ тапсырмаларын құрастыру кезінде жасалады. Ішкі және сыртқы жиынтық бағалау кезінде қалыптастырушы бағалаудың нақты оқу мақсатына жетудегі оқушылардың жетістік критерийі ескерілетін балл қою кестесі қолданылады.

Экономика

1-тоқсан

Ішкі жиынтық бағалау тапсырмалары кіріктірілген білім беру бағдарламасына сәйкес құрылған

Бөлім	Сұрақтар саны	Жалпы балл
Ақша және қаржы институттары	24	24
Елдің макроэкономикасындағы мемлекеттің рөлі	36	36

Тапсырманы орындау уақыты: 80 минут

А секциясы

1. Келесі мысал ақшаның қай қызметіне жатады: «Жанармай қымбаттаған кейін Астанада жол ақысы 90 тенгеге дейін көтерілді»

- A. Алмасу құралы
- B. Жинау құралы
- C. Есеп айырысу бірлігі
- D. Шегерілген төлемдерге арналған стандарт

A B C D

[1]

2. Келесі мысал ақшаның қай қызметіне жатады: «Жапония Украинаға 20 жылға \$100 000 000 несие берді. Бұл қаражат Украинаға реформа өткізу үшін және бизнеске қолайлы жағдайларды ұйымдастыру үшін бөлінген».

- A. Алмасу құралы
- B. Жинау құралы
- C. Есеп айырысу бірлігі
- D. Шегерілген төлемдерге арналған стандарт

A B C D

[1]

3. Определите, что мы получим при делении общего ВВП на количество населения.

- A. Шынайы ЖІӨ
- B. Атаулы ЖІӨ
- C. Адамзат дамуының индексі
- D. Жан басына шаққандағы ЖІӨ

A B C D

[1]

4. Мемлекеттік бюджеттің кіріс көзін құрайтын негізгі қаржылық көзін анықтаңыз.

- A. Салық түсімдер
- B. Салық емес түсімдер
- C. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер
- D. Трансферттер түсімдері.

A B C D

[1]

5. Бос орынды толтырыңыз.

5.1. мемлекеттің орталық банкі болып табылады және ол банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейіне жатады.

[1]

5.2. Қазақстан Республикасының заң актісімен белгіленген ерекше құқықтық мәртебесі бар Қазақстанның Даму Банкін қоспағанда, өзге банкілердің бәрі банк жүйесінің деңгейіне жатады

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 ж. 31 тамыздағы N 2444 Заңы.

[1]

6. Бос орынды толтырыңыз.

6.1. Жұмыссыздардың саны 500 адам. Жұмыс күші – 6000 адам. Жұмыссыздық деңгейі тең.

[1]

6.2. Тұтыну бағасының индексі көтерілгенде пайда болады.

[1]

6.3. 2013 жылы Қазақстанда ... \$231 млрд. тең болды.

[1]

6.4. ... - адамның өмір ұзақтығын, білімін, әріп тану және адам басына шаққандағы ЖІӨ өлшемдерін біріктіреді.

[1]

7. Екінші деңгейлі банк дегеніміз не және ол қандай қызмет атқарады.

[2]

8. Атаулы және нақты ЖҮӨ-нің айрмашылығы неде?

[2]

9. Тікелей және жанама салықтардың айрмашылығы неде? Мысал келтіріңіз.

[2]

10. Сауда теңгерімінің тапшылық мәселесін қалай шешуге болады?

[4]

11. 2013 жылы Қазақстан адам даму индексінің жаһандық рейтингінде 69-орын алды. Бұл көрсеткішті қалай жақсартуға болады?

[4]

12.1. Инвестицияның түрлеріне мысал келтіріңіз.

[2]

12.2. Активтерге инвестиция салғанда қандай аспектілерін ескерту керек?

[2]

12.3. Инвестицияның қай түрін көбірек сатып алу керек?


[2]

13. Төменде жұмыссыздық және баға индексінің динамикасы берілген (Кесте 1).

Кесте 1

	2008	2009	2010	2011
Жұмыссыздық, %	5	3,2	1,6	1
Баға индексі, %	1	1,3	2,5	3,3

13.1. Филлипс қисық сызығын салыңыз.



[2]

13.2. Графигті талдаңыз.

[4]

Секция В

Екі мәтіннің біреуін таңдап, эссе жазыңыз.

Мәтін 1.

Қоржындық (портфельдік) инвестициялаудың объектілері ретінде әртүрлі бағалы қағаздар: акциялар, облигациялар, бағалы қағаздардың шартты түрлері әрекет етеді. Қоржынның бір бөлігі ақша түрінде ұсынылуы мүмкін. Инвестор инвестициялық мақсатына тәуелді белгілі бір типтерді қалыптастырады. Келесі типтерін бөліп көрсету қабылданған: бірінші тип — өсім қоржыны, екінші тип — табыс қоржыны. Қоржынның бірінші типінің мақсаты өсімді көбіне дивиденттер мен проценттер алу есебінен емес, бағалы қағаздардың бағамдық өсімінің есебінен алу болып табылады. Бұл негізгі салымның басым бөлігін акция құрайды. Қоржындардың екінші типі көбінесе облигациялардан дивиденттер мен проценттерден табыс алу болып табылады.

14. 1-ші мәтінді оқып, «Бос ақша қаражаттарды қайда салу керек? Акцияларға, облигацияларға, немесе бәрібір?» деген тақырыпқа эссе жазыңыз (170 сөз).

[24]

Мәтін 2

Соңғы он жылда дүниежүзілік экономиканың үйлесімсіздігі байқалады, ағындағы мәселелерді бірден шешу мүмкін емес, керісінше, борышқорлық міндеттемелер және евროзонадағы банк дағдырысы ұлғаюы ықтимал. Сондықтан күйреуік сценарийдың болуы мүмкін, өйткені мұнайдың бағасы төмендейді, сыртқы сұраныс және валютаның өтімділігі азаяды. Айтылғанның барлығы орындалса, Қазақстанның ЖІӨ-нің өсуі қарқынды бәсеңдету ықтимал.

<http://bnews.kz>

15. 2-ші мәтінді оқып, Қазақстанның үкіметіне макроэкономикалық мақсаттарға жету үшін стратегия ұсын. Эссе, 170 сөз.

[24]

Балл қою кестесі

Сұрақ	Дағдылар тобы	Балл	Жауап	Қосымша ақпарат
1	1	1	С	
2	1	1	D	
3	1	1	D	
4	1	1	A	
5.1	1	1	Ұлттық банк	
5.2	1	1	Екінші	
6.1	1	1	8,33	
6.2	1	1	Инфляция	
6.3	1	1	ЖІӨ	
6.4	1	1	АДИ	
7	1	2	<p>Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен басқа, елде қызмет ететін барлық банктер банк жүйесінің екіншілік деңгейін білдіреді және екінші деңгейлік банктер болып табылады. Қазақстандағы екінші деңгейлік банк жеке меншіктен тәуелсіз коммерциялық әрекетті жүзеге асырушы заңды тұлға болып табылады, оның қызмет етуінің негізгі мақсаты - пайда табу болмақ.</p> <p>Коммерциялық банктердің негізгі атқаратын қызметтері:</p> <p>Ақша қаражаттарын шоғырландыру және тарту; Несие беру; Шаруашылықтармен есеп және төлем жұмыстарын жүргізу; Төлем құралдарын шығару, Бағалы қағаздарды шығаруды және орналастыруды ұйымдастыру; Сенімхат бойынша клиенттердің мүлкін басқару (яғни траст операциясын жүргізу); Клиенттерге кеңес беру.</p>	
8	1	2	<p>Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) – кез-келген азаматтардың өз елі ішінде және басқа елдерде өзінің ұлттық капиталы көмегімен бір жылда өндірген және сатқан тауарлары мен қызметтерінің нарықтық құндарының жиынтығы. Атаулы ЖҰӨ – осы жылғы ағымдағы бағалармен есептелген ЖҰӨ көлемі. Нақты ЖҰӨ – бағалардың өзгерісін есепке алатын және базистік бағалармен есептелетін ЖҰӨ көлемі. Нақты ЖҰӨ-ді формула бойынша табуға болады:</p>	
9.	2	2	<p>Салық салу объектісіне қарай салықтар тікелей және жанама салықтар болып жіктеледі.</p> <p>Тікелей салықтар жалғаусыз немесе тікелей табысқа немесе мүлікке салынады.</p>	

			<p>Тікелей салықтарға мына салықтар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - заңды және жеке тұлғалардың табысына салынатын салық; - мүлік салығы; - жер салығы; - бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға салынатын салық; <p>Жеке тура салықтар-бұл жеке адамдар мен заңды ұйымдардың табыстары мен мүлкіне салынатын салықтар. Нақты салықтардың айырмашылығы-жеке салық салу әрбір салық төлеушінің жеке табысы мен мүлкін де, оның қаржы жағдайын да ескереді.</p> <p>Жанама салықтар - баға немесе тарифке үстеме түрінде белгіленген салық төлеушінің кірістері мен мүлкіне тікелей байланысты емес салықтар. Жанама салықтарға қосылған құнға салынатын салық, акциздер жатады. Жанама салықтарға сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметтен түсетін түсімдер де (кеден баждары түріндегі, экспортқа және импортқа салынатын салық түріндегі кеден кірістері, ішкі рынокте сатылатын тауарлар бағасы мен олардың фактуралық құнының айырмасы) жатады.</p>	
10	2	4	<p>Сауда теңгерімі белгілі бір уақыт кезеңіндегі тауарлар экспорты мен импорты бойынша түсімдер мен төлемдердің арасалмағы. Пассивтік теңгерімде тауар әкелімі тауар әкетілімінен асып түседі. Сауда теңгерімінің тапшылық мәселесін шешу үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Импортқа кедергі жасау, экспортты көтермелеу - Валютаның құнсыздануы <p>Қазіргі халықаралық сауданың ырықтандыру уақытында импортқа кедергі жасау мүмкін емес, сондықтан валютамен операциялар қажет. Бірақ сауда теңгерімінің оң сальдосы да ұнамсыз құбылыс, өйткені мемлекеттің өндірісі тұтынудан басым болады. Мінсіз ахуал - сауда теңгерімінің тепе-теңдігі. Бірақ кейбір жағдайда ол экономикалық саясат пен қарама-қайшылыққа апарады.</p>	
11	2	4	<p>АДИ адамның өмір ұзақтығын, білімін, әріп тану және адам басына шаққандағы</p>	

			<p>ЖІӨ өлшемдерін біріктіреді. Индекс адамның жалпы даму деңгейін көрсетеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы АДИ-ның даму деңгейін адамдардың таңдау қабілеті, білім алу мүмкіншіліктері, денсаулық сақтауға арналған, табыс табу мен жұмыс жағдайлары сияқты факторларды есепке алатын үрдіс деп атайды.</p> <p>АДИ үш басты қағидалардан тұрады: Өмір Ұзақтығы - Халық денсаулығы мен ұзқтығын өлшейді. Оны жақсарту үшін мемлекет денсаулық сақтауға арналған бағдарламаларды көбейту керек, дарынды дәрігерлер керек, спортқа көп назар аудару керек. Баламалы энергетика арқылы экология ахуалын жақсарту керек.</p> <p>Білім деңгейі мен білім бері жүйесі. Ол білім алу мүмкіншіліктерін арту қажет және дуалды оқу стандарттарын енгізу қажет.</p> <p>Өмір сүру стандарты, адам басына шаққандағы жалпы ішкі өніммен өлшенеді. Ол көрсеткішті көтеру үшін салықтарды азайту қажет, арзан кредиттер керек, инфляция мен жұмыссыздық деңгейін бақылау керек.</p>	
12.1	2	2	<p>Нақты инвестициялар — бұл кәсіпорынның негізгі капиталын және материалдық-өндірістік қорын өсіруге салынатын салымдар, шаруашылық субъектисіндегі белгілі бір материалдық, өндірістік қорлардың, яғни активтердің (жер, жабдық, құрылыс) өсуіне, дамуына жұмсалыну үшін салынатын салымдар болып табылады. Мысалы: ҚТЖ-ның нақты инвестицияларына вокзалдарды, пойыздарды, темиржолды мысал ретінде келтіруге болады.</p> <p>Қаржылық инвестиция — бұл субъектінің табыс алу мақсатында пайдаланатын активі, инвестицияланған капиталдың өсімі немесе алынатын басқа да олжалар. Сондай--ақ, қаржылық инвестицияға пайдаланбай тұрған жылжымайтын мүліктер де жатады. Қаржылық инвестицияның бір түрі болып бағалы қағаздар да саналады. Барлық бағалы (құнды) қағаздар екі топқа бөлінеді — ақшалай және күрделі болып. Ақшалай бағалы қағаздарды алған кезде ақшалай қарыздарды алғандағыдай етіп</p>	

			рәсімделеді. Бұл борыштық құнды қағаздар. Оларға: вексельдер, депозиттер және жинақ сертификаттар және т.б. жатады. Мысалы: ҚМҒ-дың қаржылық активтері - акциялар.	
12.2	2	2	Тәуекел, өтемділік және табыстылық. -Инвестициялар тіпті тәуекелді болса, залалға ұшырау мүмкіндігі өте жоғары - керек жағдайда ақшаға аудару үшін өтемділігі жоғары болу қажет - пайданы тезірек көбейту үшін табысты болу керек Бірақ шынайы экономикада барлық аспектілердің бірге бір инвестицияда болуы мүмкін емес, сондықтан, теңдікті табу қажет.	Объяснение всех аспектов – 1 балл. Установление связи между ними – 1 балл.
12.3	2	2	Ақшаны нақты мен қаржы секторына бірдей етіп бөлу қажет. Нақты секторында тәуекел дәрежесі төменірек, ал қаржы секторында өтемділік пен табыстылық жоғарылау болады. Инвестицияларды тек ғана қаржы секторына салсаңыз, бос қиял пайда болады және нақты өндірістің деңгейі азаяды, дағдырыстардың жоғары мүмкіндігі. Инвестицияларды тек ғана нақты секторына салсақ, экономиканың өсуі қарқынды бәсеңдетіледі және өтемділік дәрежесі өте төмен болады.	За другие версии с объяснением – 1 балл.
13.1	2	2		
13.2	2	4	Филлипс қисық сызығы экономикадағы жұмыссыздық пен инфляция деңгейінің өзара өзгеруін көрсетеді. Халықтың жұмысбастылығы қаншалықты жоғары болса, соншалықты олардың табысы жоғары болатындықтан жұмыссыздықтың азаюы құнсыздандудың өсуіне әкеліп	

			соғады. Себебі табыс жиынтық сұраныстың артуына себеп болады. Жұмыссыздық мөлшері 5% (U1) және баға индексі 1% болса, – жұмыссыздық деңгейі жоғары, экономика дағдырыс кезеңінде. Мемлекет жұмыссыздықты азайту үшін сұранысты арту шараларын өткізеді (жалақыны көтереді және мемлекеттік шығыстарды артады), инфляция қарқыны төмендейді, жұмыссыздық деңгейі 1,6% (U2) және баға индексі 2,5% (P2). Дағдырыстың шиеленісуінен құтылу үшін мемлекет баға индексін P3 (1,3%) деңгейіне түсіреді, ал жұмыссыздық мөлшері U3 (3,2%) деңгейіне көтеріледі.	
--	--	--	--	--

В секциясы

	АО1 Білу және түсіну		АО2 Қолдану және анализ		АО3 Бағалау және рефлексия
6	Өте жақсы білу және түсіну деңгейі	6	Контентті тиімді қолдану және талдау	9-12	Тиімді бағалау және рефлексия
5-4	Жеткілікті білу және түсіну деңгейі	5-4	Контентті жеткілікті қолдану және талдау	5-8	Жеткілікті бағалау және рефлексия
1-3	Шектеулі білу және түсіну деңгейі	1-3	Контентті шектеулі қолдану және талдау	1-4	Шектеулі бағалау және рефлексия
0	Білімнің және түсінудің жоқтығы	0	Қолдану мен талдаудың жоқтығы	0	Бағалаудың және рефлексияның жоқтығы

14.

АО1 (0-6 балл). Дағдылардың бірінші тобы

Инвестицияның мәнін, қажеттілігін түсіну. Инвестициялық қоржынның құрамы. Жауап келесі пункттерден болуы мүмкін:

- Инвестициялардың анықтамасы, мақсаты. Инвестиция дегеніміз қаражатты ұзақ мерзімге әр саладағы кәсіпорындарға, кәсіпкерлік жобаларға, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларға немесе инновациялық жобаларға құю. Инвестициялар құйылған сәттен бастап ұзақ уақыт өткеннен кейін пайда келтіреді.

- Инвестициялық қоржын. Мамандандырылған компанияның меншігіндегі немесе басқаруындағы қаржы құралдарының алуан түрлерінің жиынтығы. Инвестициялық қоржын қандай да бір тұлға өзінің қаражатын инвестициялау мен тәуекелдіктерді әртараптандыру мақсатында оларды бағалы қағаздардың әр түрлеріне және басқа да қаржы құралдарына инвестициялаған жағдайда қалыптасады. Бұл қоржынды аталған қаражаттың меншік иесінің өзі немесе меншік иесінің тапсырмасы бойынша басқарушы компания қалыптастыруы мүмкін.

- Акция - акционерлік қоғам тарапынан шығарылатын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, яғни жалпы жиындарда дауыс беру, сол бойынша ликвидация кезінде дивиденд және қоғамның жарты мүлкін алу құқығын дәлелдейтін бағалы қағаз. Акцияның екі түрі болады - қарапайым және артықшылықты.

- Облигация. Бағалы қағаздардың борыштық міндеттеме ретінде мемлекет, акционерлік компаниялар, муниципалдық органдар және т.с.с. шығаратын бір түрі. Бекітілген табысы бар бағалы қағаз, ол бойынша эмитент оны иеленушіге болашақтағы белгілі бір сәтте капиталдың бекітілген сомасын төлеуді және пайыздар төлеп отыруды міндетіне алады.

- Акция мен облигациялар биржада сатып алуға болады. Қазақстанда – KASE биржасы.

АО2 (0-6 балл). Дағдылардың екінші тобы

Анализ. Акция мен облигация пайданы қалай әкеледі. Оларға ақша салғанда, қандай аспектілерін ескерту керек. Жауап келесі пункттерден болуы мүмкін:

- Тәуекел мен табыстылық аспектілерін ескерту қажет.

- Бағалы қағаздардың ең кең тараған түрі акциялар мен облигациялар. Олардың бір-бірінен айырмашылығы: Акцияны сатып алу арқылы сіз өз капиталыңыздың бөлігін акционерлік қоғамға салғандығыңыз бен оның иесі болғандығыңыз туралы куәлік аласыз. Облигацияны сатып алу арқылы сіз компания немесе мемлекеттің кредит берушісі боласыз. Соңғысы сізден облигацияларды сатып алуға міндеттенетін борышкеріңіз болады. Бағалы қағаздардың аталған түрінен түсетін кірісті екі категорияға бөлуге болады: Эмитенттердің төлейтін кірісі: Акциялар бойынша - дивиденттер (акционерлік қоғам төлейтін акция бойынша төлеуге жататын кіріс). Облигациялар бойынша - дисконт немесе купон түрінде сыйақы беру. Купон - шығарылым шарттарына сәйкес эмитенттердің облигация номиналдық құнынан жоғары төлейтін қаражаты. Негізінен әр жарты жылдықта. Дисконт - номиналдық және алғашқы орналастыру құны немесе облигацияны сатып алу құнының арасындағы айырмашылық.

АО3 (0-12 балл). Дағдылардың екінші тобы

Құнды қағаздардың тәуекел және табыстылық дәрежесін талқылау. Инвестициялық қоржынды қалай әртараптандыруға болады? Құнды қағаздардың дүниежүзілік экономикаға ықпалы. Жауап келесі пункттерден болуы мүмкін:

- Кәсіпорындар өндірісті кеңейту, жаңа құрылғылар сатып алу мақсатында қажетті қаржыны облигация түріндегі құнды қағаз шығару арқылы таба алады. Облигацияның акциядан айырмашылығы сол, оны сатып алған адам дивидент алмайды және сата да алмайды.

- Облигация – бұл жеке адамдардың кәсіпорынға берген қарызы. Кәсіпорын өз кезегінде құнды қағазды белгілі уақыттан кейін сатып алуға және үстіне қосымша пайыздық сыйақы төлеуге міндеттенеді. Осы орайда, облигация акцияға қарағанда тәуекелсіз, қауіпсіз инвестиция болып саналады

- Инвестицияға сіз ешуақытта банктен несие алып немесе күнделікті қажеттіліктеріңізге жұмсалатын қаржыны салуыңызға болмайды. Оған тек қажеттіліктеріңізден тыс қалған артық ақшаны ғана салу қажет. Инвестициялық тәуекел мөлшерін азайту үшін оны әртараптандыруға көңіл бөлген жөн. Ақшаңыздың бір бөлігін акцияға, енді бір бөлігін облигацияға салар дұрыс.

- Қаражатыңыз көп емес болса, онда акция сатып алу жөн, өйткені олар тез табысты әкелуі мүмкін. Ал қаражатыңыз көп болса, онда облигация сатып алу жөн, өйткені олар тәуекелі аз тұрақты табысты әкеледі.

- Қаржылық дағдырыс кезеңінде және тұрақсыз экономикалық жағдайында облигация сатып алып, тәуекелді азайту жөн. Ал керісінше экономикалық өсу кезеңі болса, трендті ұстау үшін акцияларды сатып алу жөн.

- Құнды қағаздар нарығына саясат әсер етеді/ төтенше оқиғалар/ алдау/ айлакерлік/ дефолт/ адамның психологиясы/ дүниежүзілік дағдырыстар/ бос қиял

- Құнды қағаздардың тәуекелі жоғары, сондықтан нақты секторға инвестиция салу қажет, мысалы жылжымайтын мүлікке. Немесе өз ісінді ашу жөн.

15.

АО1 (0-6 балл). Дағдылардың бірінші тобы

Макроэкономикалық мақсаттарын түсіну. Жауап келесі пункттерден болуы мүмкін:

- Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

- Инфляция — бұл бағаның өсуінен, тауарлар тапшылығынан және тауарлар және қызметтер сапасының төмендеуінен туындайтын ақшаның құнсыздануы, сондай-ақ оның сатып алу қабілетінің төмендеуі.

- Экономикалық өсу қоғамдық еңбек нәтижесін, оның өнегелік, рухани сипаттамаларын көрсетеді. Ол — экономикалық динамиканың көрсеткіші және қайнар көзі.

- Төлем балансы, төлем теңгерімі – елдің халықаралық алыс-берісінің валюталық түсімдері мен төлемдерінің арақатынасы нысанындағы теңгерімдік шоты.

АО2 (0-6 балл) Дағдылардың екінші тобы

Анализ. Макроэкономикалық мақсаттарға жету үшін қандай стратегияны таңдау керек? Жауап келесі пункттерден болуы мүмкін:

- Ақша-несие саясаты және қаржы секторін реттеу. Доллардан тәуелділікті азайту, пайыз ставкасын тұрақтандыру. Ол экономиканың өтемділігіне әкеледі және сыртқы талықсулардан қорғайды.

- Макроэкономикалық тұрақтылық жаңа салық-бюджет саясатын іске асыру, мемлекеттік борышты қауіпсіз деңгейде ұстау және экономикалық өсу үшін қолайлы инфляция деңгейін ұстау қажет.

- Экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне, оның тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру үшін «Даму» сияқты көбірек фондтар керек. Қосылған құны жоғары өнім шығаруды ұлғайту үшін жаңа технологиялар қажет, оны субсидиялар арқылы жүзеге асыруға болады. Әсіресе шаруашылық секторін. Сондай-ақ қоршаған ортаға жүктемені азайту үшін жасыл экономикаға көшу керек. Экспортты әртараптандыру бағытында экономикаға жаңа салалар даму керек, мысалы технология саласы.

- Экономиканы жаңғырту мұнай-газ және тау-кен металлургиясы өнеркәсібіндегі, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы бәсекеге қабілетті қазіргі басымдықтарды пайдалануға олардан дайын өнім шығаратын зауыттар керек.

- Экономиканың шикізат емес секторларына инвестициялар тарту және елде қолайлы инвестициялық ахуал жасау үшін арнайы экономикалық зоналардың санын көбейту керек.

- Елдің табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануға негізделген орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін «жасыл экономиканың» қағидаттарына көшу

- Халықтың өмір сүру сапасын кезең-кезеңімен арттыру үшін ең төменгі әлеуметтік стандарттарын көтеру керек. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру. Дуалды оқу стандарттары. Өңірлік саясат экономикалық өсу орталықтары - агломерацияларды, екінші деңгейдегі тірек қалаларды (облыс орталықтары) және үшінші

деңгейдегі қалаларды (моноқалалар және шағын қалалар), сондай-ақ тірек ауылдық елді мекендерді қалыптастыру.

- бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру; фискалдық орталықсыздандыру;

мұнай кірістерін тиімді пайдалану жолымен Ұлттық қорда қаражат жинақтауды жалғастыру және оны әр перспективті салаларға тиімді инвестицияландыру/ бюджеттің мұнай кірістерінен тәуелділігін азайтуды қамтамасыз ету.

АО3 (0-12 балл) Дағдылардың екінші тобы

Экономикалық өсуінің тоқталуының жоғары тәуекел дәрежесі. Халықаралық экономикалық одақтарының және геосаясаттың Қазақстанға ықпалы. Жауап келесі пункттерден болуы мүмкін:

- Шетелдік капиталдан тәуелділік макротұрақтылыққа кедергі әсері.

- Сыртқы талқысытулардан жоғары дәрежедегі тәуелділік

- Мұнай бағасының өспеуі. Дүниежүзіліктің ықпалы/ баламалы энергетикаға көшу Қазақстанның экономикасын құлатады/ Қашаған мәселесі.

- саяси тәуекелдер/ аймақтағы тұрақсыздылық/ Украина/ Ресейге қарсы санкциялар/ экстремизм/ терроризм.

- ДСҰ-ның кіруіне байланысты мүмкін мәселелер/ кіші және орта бизнесінің құлауы/ КО-тың тиімсізділігі.

2-тоқсан

Ішкі жиынтық бағалау тапсырмалары кіріктірілген білім беру бағдарламасына сәйкес құрылған

Бөлім	Сұрақтар саны	Жалпы балл
Макроэкономикалық тепе-теңдік	22	22
Экономикалық тұрақтылық	38	38

Тапсырманы орындау уақыты: 80 минут

А секциясы

1. Берілген пікірлермен келісесіз бе? Келіссеңіз «+» белгісін, келіспесеңіз «-» белгісін қойыңыз:

№	Пікір	+/-
1.1	Егер әлемдік дағдарыс болса, әлемнің барлық елдерінде циклдік жұмыссыздық орын алады.	
1.2	Карлос Слим Элу – әлемдегі ең бай адамдардың бірі (әлемде 2-орында), зейнеткер. Ол экономикалық белсенді адамдардың қатарына жатады.	
1.3	Егер Қазақстанда инфляция 7% болса, бұл барлық жылжымайтын мүлік бағасы 7%-ға артқанын білдіреді.	
1.4	Инфляция әрқашан жағымсыз.	
1.5	Қазақстандағы инфляция қарқыны қалыпты.	
1.6	Әдетте, жұмыссыздықтың артуымен инфляция да артады.	
1.7	Егер импорттық тауарлардың бағасы төмендесе, ЖҰӨ де төмендейді	

[7]

2. Сәйкестікті көрсетіңіз. Бірінші бағандағы әрбір тұжырым үшін екінші бағаннан сәйкес тұжырымды таңдаңыз.

2.1. Егер елде инфляцияның негізгі себебі шығындардың артуы болса, онда	a) ақпарат жеткіліксіз
2.2. Егер елде халық саны артса (<i>ceteris paribus</i> жағдайында), онда	b) жиынтық сұраныс қисығы төменге жылжиды
2.3. Егер мұнайдың әлемдік бағасы төмендесе, онда Иранда	c) жиынтық ұсыныс қисығы жоғары қарай солға жылжиды
2.4. Егер елде қалқымалы (жылжымалы) инфляция байқалса, онда	d) жиынтық сұраныс қисығы жоғары қарай оңға жылжиды
2.5. Жұмыскерлерге жалақы төмендеген жағдайда (<i>ceteris paribus</i> жағдайында), онда	e) жиынтық сұраныс қисығы төмен қарай солға жылжиды, ал жиынтық ұсыныс қисығы төмен қарай оңға жылжиды
2.6. $Y_1=300$, $Y_2=200$. Бұл дегеніміз	f) жиынтық ұсыныс қисығы тік жағдайда
2.7. Ұзақ мерзімде	g) жиынтық сұраныс қисығы төмен қарай солға жылжиды, немесе жиынтық ұсыныс қисығы жоғары қарай солға жылжиды.

Өз жауаптарыңызды келесі кестеге толтырыңыз:

2.1	2.2	2.3	2.4	2.5	2.6	2.7

[7]

3. 2012 жылы Қазақстанның ЖІӨ-і 200 бірлікті құрады және жиынтық сұраныс қисығы $Y=700-5P$ теңдеуін көрсетті. 2013 жылы потенциалды ЖІӨ 6%-ға артты, ал жиынтық сұраныс қисығы $Y=737-5P$ түрінде болды.

3.1. Егер экономикада 2012 және 2013 жылдары толық жұмыспен қамту болды деп есептесек, бағалар неше пайызға артқан?

[3]

3.2. Ұзақ мерзімдегі бағалар деңгейі мен потенциалды ЖІӨ өзгерісін график түрінде көрсетіңіз.




[4]

4. Егер бар болса, графикте мүмкін болатын өзгерістерді көрсетіңіз және факторларын атаңыз.


4.1. Егер кәсіпорындарға салынатын салық төмендесе, қысқа мерзімдегі макроэкономикалық тепе-теңдік қалай өзгеретінін графикте көрсетіңіз.

Факторларын атаңыз:



[4]

4.2. Егер $MV=PY$ ақша массасының теңдеуінде өсу болса, қысқа мерзімдегі макроэкономикалық тепе-теңдік қалай өзгередінін графикте көрсетіңіз:



Факторын атаңыз:

[4]

5. 2013 жылы Қазақстандағы халық саны 17 160 800 болды. Экономикалық белсенді тұрғындар саны – 9 041 300 адам. Жалдамалы жұмыскерлер саны – 5 949 700 адам, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар саны - 2 620 900 адам.

<http://www.stat.gov.kz/>

5.1. 2013 жылы Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейін есептеңіз.

[3]

5.2. Қазақстанда жұмыссыздықтың қандай түрлері кездеседі. Мысал келтіріңіз.

[4]

6. Минималды тұтынушы қоржыны өмір сүру минимумының мөлшерін есептеу үшін қолданылады. Минималды тұтынушы қоржыны азық-түлік қоржынынан және азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге шығындардан тұрады.

Тұтынушы қоржыны 95 кг картоп пен 15 кг сиыр етінен тұрады деп есептеңіз. Кестенің негізінде 2012 және 2013 жылдардағы инфляцияны тұтыну тауарларының индексі арқылы есептеңіз.

Жыл	Картоптың бағасы, тг	Картоп саны, кг	1 кг сиыр етінің бағасы, тг	Сиыр еті саны, тг
2011	110	95	1200	15
2012	116	95	1280	15
2013	125	95	1320	15

[8]




В секциясы

7. Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес, 2013 жыл желтоқсаны мен 2014 жыл қыркүйегі арасындағы инфляция деңгейі 5,9%-ды құрады. Сарапшылардың болжамы бойынша, 2014 жылы инфляция деңгейі 7-8%-ды құрайды. 2014 жылдың қыркүйегіндегі жұмыссыздық деңгейі 5%-ды көрсетіп отыр. Жоғарыда аталған көрсеткіштердің Қазақстан экономикасы үшін мәселелік деңгейін бағалаңыз және мұнайға әлемдік бағаның төмендеуі мен теңге курсына қысым жағдайында осы макрокөрсеткіштерді жақсарту бойынша тұрақтандыру саясатын ұсыныңыз. (Эссе, мин. 180 сөз).

[16]

Балл қою кестесі

Сұрақ	Дағды топтары	Балл	Жауап	Қосымша ақпарат
1.1	1	1	-	
1.2	1	1	+	
1.3	1	1	-	
1.4	1	1	-	
1.5	1	1	+	
1.6	1	1	-	
1.7	1	1	+	
2.1	1	1	c	
2.2	1	1	d	
2.3	1	1	b	
2.4	1	1	a	
2.5	1	1	e	
2.6	1	1	g	
2.7	1	1	f	
3.1	2	3	<p>Ұзақ мерзімдегі тепе-теңдіктің бастапқы нүктесін жиынтық сұраныс қисығына өткен жылдағы потенциалды ЖІӨ мөлшерін қою арқылы есептеуге болады: $700-5P=200$. Осыдан $P=100$ шығады. 2012 жылғы баға деңгейі табылды. Потенциалды ЖІӨ-нің 6%-ға өсуі (212 бірлікке дейін) жиынтық сұраныс көлемінің артуына әсер етеді. AD және LRAS қисықтары оңға жылжиды. Ұзақ мерзімдегі тепе-теңдіктің жаңа нүктесін жаңа сұраныс қисығы функциясына 2013 жылдағы потенциалды ЖІӨ көлемін қою арқылы табамыз: $737-5P=212$. Осыдан $P=105$ шығады. Бұдан бағалар 5% артқаны көрінеді.</p>	<p>2013 жылғы потенциалды ЖІӨ-ді тапқаны үшін 1 балл беріледі. 2012 және 2013 жылдардағы баға деңгейін тапқаны үшін 1 балл беріледі.</p>

3.2	2	4	<p>График түрінде бұл былай көрсетіледі:</p> 	<p>Дұрыс сандық көрсеткіштері бар график үшін 1 балл Жиынтық сұраныс қисығын дұрыс жылжытқаны үшін 1 балл 1 балл жиынтық сұраныс қисығын дұрыс жылжытқаны және көрсеткені үшін беріледі. Егер жиынтық ұсыныс қисығы тік жағдайда тұрса, 1 балл қосылады.</p>
4.1	2	4	 <p>Жиынтық ұсыныстың бағалық емес факторы: құқықтық нормалар</p>	<p>1 балл жиынтық сұраныс пен ұсыныстың дұрыс формасын көрсеткені үшін беріледі. 1 балл абцисса және ордината осін, қисықтардың атауын, көлемнің бастапқы және екінші реттік бағасын көрсеткені үшін беріледі. 1 балл жиынтық ұсыныс қисығын төмен қарай оңға жылжытқаны үшін беріледі 1 балл факторды дұрыс атағаны үшін беріледі.</p>
4.2	2	4	 <p>Жиынтық сұраныстың бағалық емес факторы: ақша массасы көлемінің өзгерісі</p>	<p>1 балл жиынтық сұраныс пен ұсыныстың дұрыс формасын көрсеткені үшін беріледі. 1 балл абцисса және ордината осін, қисықтардың атауын, көлемнің бастапқы және екінші реттік бағасын көрсеткені</p>

				үшін беріледі. 1 балл жиынтық сұраныс қисығын жоғары қарай оңға жылжытқаны үшін беріледі. 1 балл факторды дұрыс атағаны үшін беріледі.
5.1	2	3	Келесі формула бойынша есептейміз: $u = (U/L)*100\%$ u — жұмыссыздық деңгейі U — жұмыссыздар саны L — жұмыс күші (жұмысбастылар және жұмыссыздар) $U = 9\ 041\ 300 - 5\ 949\ 700 - 2\ 620\ 900 = 470\ 700$ $u = (470\ 700/9\ 041\ 300)*100\% = 5,2\%$	1 балл формуланы пайдаланғаны үшін 1 балл дұрыс жауап үшін
5.2	2	4	1 балл фриktionдық жұмыссыздық үшін. Мысалы, студент Назарбаев Университетін енді ғана бітіріп, жұмыс іздеп жүр, яғни уақытша жұмыссыздық – бұл фриktionдық жұмыссыздық. 1 балл құрылымдық жұмыссыздық үшін. Мысалы, бұрын мектептерде неміс тілін оқыту кең таралған болатын, бірақ қазір ағылшын тілі барынша өзекті – бұл құрылымдық жұмыссыздық мысалы. 1 балл Қазақстанда циклдік жұмыссыздық байқалмайды деген пікір үшін беріледі. Экономиканың өсуі байқалуда, экономика салаларында жаппай жұмыстан босату байқалмайды. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі нақты деңгейден аспайды.	
6.	2	8	1 балл тұтынушы қоржынын есептеуге беріледі: $2011=110*95+1200*15=10450+18000=28450$ $2012=116*95+1280*15=11020+19200=30220$ $2013=125*95+1320*15=11875+19800=31675$ Ары қарай 1 балл тұтыну қоржыны индексіні есептеуге беріледі: $CPI_{2011}=(28450/28450)*100=100$ $CPI_{2012}=(30220/28450)*100=106,2$ $CPI_{2013}=(31675/28450)*100=111,3$ Ары қарай 1 балл инфляцияны есептегені үшін беріледі. $Infl\ 2012=(106,2-100/100)*100=6,2\%$ $Infl\ 2013=(111,3-106,2/106,2)*100=4,8$	

В секциясы

	АО1 Білу және түсіну		АО2 Қолдану және анализ		АО3 Бағалау және рефлексия
3	Өте жақсы білу және түсіну деңгейі	3	Контентті тиімді қолдану және талдау	5-6	Тиімді бағалау және рефлексия
2	Жеткілікті білу және түсіну деңгейі	2	Контентті жеткілікті қолдану және талдау	3-4	Жеткілікті бағалау және рефлексия
1	Шектеулі білу және түсіну деңгейі	1	Контентті шектеулі қолдану және талдау	1-2	Шектеулі бағалау және рефлексия
0	Білімнің және түсінудің жоқтығы	0	Қолдану мен талдаудың жоқтығы	0	Бағалаудың және рефлексияның жоқтығы

АО1 (0-3 балл). Дағдылардың бірінші тобы

Тұрақтандыру саясатының мәнін түсіну. Инфляция мен жұмыссыздық түрлерін білу. Жауапта келесілер қамтылуы мүмкін:

- Тұрақтандыру саясаты – мемлекетпен, ұлттық банкпен және мемлекеттік биліктің басқа да органдарымен қалыпты қызмет етуі бұзылған кезде, яғни жоғары инфляция, өндіріс көлемінің құлдырауы, жұмыссыздықтың шектен тыс артуы кезінде экономиканы тұрақтандыру мақсатында жүргізілетін шаралар кешені.

- Қазіргі уақытта мұнайға әлемдік бағаның құлдырауы мен теңге курсына қысым көрсету кезінде сауатты тұрақтандыру саясаты керек.

- Инфляция — тауарлар мен қызметтерге бағаның артуы.

- Инфляция кезінде белгілі бір ақша көлеміне уақыттың өтуімен бұрынғымен салыстырғанда азырақ тауарлар мен қызметтер сатып алуға болады.

- Инфляцияның түрлері. Қалқымалы (қалыпты) – жылына 10%ға дейін. Қарқынды инфляция – жылына 10-200%. Жоғары инфляция жылына 200-300%. Гиперинфляция аптасына немесе күніне пайызбен есептеледі, оның көлемі айына 40-50% немесе жылына 1000% немесе одан да артық.

- Қазақстанда инфляция қалыпты.


- Жұмыссыздық деңгейі – бұл жұмыс істегісі келетін, бірақ жұмыс таба алмай жүрген еңбекке қабілетті экономикалық белсенді халықтың пайызы.

- Қазақстанда инфляцияның табиғи деңгейі байқалады. Яғни фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздық байқалуда, циклдік жұмыссыздық жоқ.

АО2 (0-3 балл). Дағдылардың екінші тобы

Мұнайға әлемік бағаның құлдырауы мен теңге курсына қысым көрсетудің инфляция мен жұмыссыздық деңгейіне қалай әсер ететінін талдау. Талдау нақты сұраққа негізделуі керек. Жауаптар келесі пункттерден құралады:

- Қазақстан мұнай экспорттаушы ел болғандықтан, елдің де экономикасы осы ресурстың бағасына тікелей тәуелді, сәйкесінше жиынтық сұраныс қисығының жылжуы орын алады.



- Номиналдық тұрғыда экспорттан түскен табыс азаяды, себебі мұнай басты экспортталатын тауар болып табылады. Сәйкесінше, төлем балансының тапшылығын жою үшін кезекті теңге девальвациясына жүгінуге тура келеді, бұл өз кезегінде баға деңгейінің артуына алып келеді.

- Бағалық емес фактор азаяды, мемлекеттің шығындары азаяды. Бұл ЖІӨ-нің мұнай бағасына тәуелділігі себебінен орын алады. 2014 жылы мақсаттары мұнайдың барреліне 95 доллар ретінде есептелген бюджет қайта қаралды. Соңғы күндері мұнай бағасы барреліне 85 долларды құрап отыр. Бұл бұдан да үлкен бюджет тапшылығына және мемлекеттік даму бағдарламаларының қысқаруына алып келеді. Трансферттік төлемдердің азаюы да мүмкін. Мемлекеттік қызметкерлер саны қысқарып, жұмыссыздық деңгейі артуы мүмкін.

- Мемлекеттің ЖШБ өкілдерін қолдауы шектеулі және бұл жеке инвестиция көлемінің азаюына алып келеді. Жиынтық ұсыныс көлемінің азаюы және өндірісті оңтайландыру мақсатында жұмыскерлерді жаппай жұмыстан босату орын алуы мүмкін (циклдік жұмыссыздық).

- Трансферттік төлемдердің азаюынан және жұмыссыздықтың жоғары деңгейінен тұтыну деңгейі мен нақты ЖІӨ көлемі төмендейді.

- Жалақының ақпан девальвациясынан кейін жалақының 10%ға артуы бағаның артуын одан әрі ынталандырады.

- Рубль курсының төмендеуі теңге курсына қысым келтіреді, себебі Қазақстан экономикасы ресейлік экономикадан тәуелді.

- АҚШ тағы сланец революциясынан кейін және әлемдік экономикадағы өсу қарқынының баяулауына байланысты мұнайға бағаның одан әрі артуы байқалмайды. Бұл Ұлттық Банкке одан әрі қысым түсіреді, девальвацияның тағы бір жүруіне, спекулятивтік көңіл күйдің орын алуы алып келеді, сәйкесінше теңге курсына одан әрі қысым түсіп, инфляция орын алады.

АО3 (0-6 балла). Дағдылардың үшінші тобы.

Ағымдағы жұмыссыздық пен инфляция көрсеткіштерінің Қазақстан экономикасы үшін мәселелік деңгейін бағалау және мұнайға әлемдік бағаның төмендеуі мен теңге курсына қысым жағдайында осы макроқорсеткіштерді жақсарту бойынша тұрақтандыру саясатын ұсыну. Жауаптар келесілерді қамтуы мүмкін:

- 5% деңгейіндегі жұмыссыздық деңгейі экономика үшін қолайлы, бұл дегеніміз – жұмыссыздық деңгейі табиғи, яғни мұнда жұмыс күші толық жұмыспен қамтылған және оны пайдаланудың барынша тиімді қолдануы жүруде. Бұл жұмыс істегісі келетін адамдардың барлығы жұмыс табатынын көрсетеді. Табиғи жұмыссыздық деңгейі осы себепті толық жұмыспен қамту кезіндегі жұмыссыздық деңгейі деп түсініледі.

- Болжамданған 7-8% инфляция деңгейі де экономика үшін күрделі емес. 2-4% аралығындағы қалыпты инфляция жиынтық ұсынысты ынталандырып, нақты ЖІӨ ді арттырады. Соған қарамастан, инфляцияны 4% ға дейін төмендету шараларын қарастыру керек.

- Тұрақтандыру саясаты мұнай бағасының өзгеруіне тәуелді.

- Мұнай бағасының төмендеуі қысқа мерзімді сипатта, ол Сауд Арабиясындағы баға демпингімен, АҚШ тағы сланец революциясымен, әлемдік экономика өсімі қарқынының баяулауымен, ОПЕК елдері тарапынан мұнайды барынша көп өндірумен байланысты. Қыстың жақындауымен мұнайға сұраныс артады деп күтілуде. Мұнай бағасының төмендеуі өндірушілердің шығындарын азайтады және әлемдік экономика өсу қарқынының жаңаруына алып келеді, сәйкесінше мұнайға сұраныс артады. Сондықтан баға барреліне 95-105 доллар деңгейіне келуі керек. Сондықтан 2008 жылғы тәжірибеге сүйене отырып, Ұлттық қор қаражатын пайдалана отырып, қиыншылықтарды жеңу қажет.

- Рубль бағасын әлсірету де Украинадағы жағдайдың реттелуімен шешілуі керек. Ресейге қатысты санкция ішінара жойылуы мүмкін, газ бойынша баға келісілген. Жылыту мерзімінің жақындауына және газға сұраныстың артуына байланысты долларлық өтімділік дағдарысын жеңу және рубль курсы қалпына келтіру қарастырылады. Қандай жағдай болмасын, Ресей үкіметі рубльдің долларға қатысты құнының төмендеуіне жол бермейді және 50 долларға дейін құлдырау кезінде мұнай қорынан құралдар пайдаланылады. Мұнай бағасының қалпына келуі ресейлік рубльді бекітеді, осының салдарынан теңгеге қысым да азаяды, себебі біздің елдеріміз интеграцияланған. Яғни, теңгеге қысым қысқа мерзімді сипатта, сондықтан Ұлттық қор қаражатын қысқа мерзімге пайдалануға болады.

- Сонымен қатар, басқа сценарий де болуы мүмкін. Сланец газын өндіру бойынша шығындарды ары қарай азайту кезінде, ОПЕК тің мүмкін тарауы, энергияның балама көздерін дамыту, геосаяси дағдарыстар салдарынан мұнай бағасы бұрынғы 100 доллар деңгейіне келмейді, мұнай бағасының ары қарай құлдырауы да мүмкін. Мұндай жағдайда үкіметке келесі девальвацияға жүгінуге тура келеді, теңге курсының долларға шаққандағы бағасы 210 теңгеге жетуі мүмкін. Бұл теңгені мықтылыққа алып келеді және экспортты арттырады, импорт тиімсіз болады және жиынтық ұсыныс ынталандырылады. Бірақ жиынтық ұсынысты ынталандыру үшін мұнай бағасының құлдырауының ұзақтығы мен дәрежесіне байланысты үкіметке субсидия көлемін арттыру, салықты төмендету, экономиканың шикізаттық емес секторынан бас тарту, агросекторға назар аудару қажет. Мұның барлығы жұмыссыздықты азайтып, инфляцияны реттейді. Ұлттық қордың қаражаты жеткіліксіз жағдайда азаматтардың зейнетақы қорының қаражатын пайдалануға болады.

- Мұнай бағасына мониторинг жүргізу және үкіметтің қалыпты жұмысы маңызды. Ары қарай жағдайға байланысты Қазақстандағы макроэкономикалық тұрақтылық үшін қандай да бір сценарийді қолдануға болады.

3-тоқсан

Ішкі жиынтық бағалау тапсырмалары кіріктірілген білім беру бағдарламасына сәйкес құрылған

Бөлім	Сұрақтар саны	Жалпы балл
Халықаралық сауда және әлемдік экономика	33	33
Валюталық нарықтар	27	27

Тапсырманы орындау уақыты: 80 минут

А секциясы

1. Берілген пікірлермен келісесіз бе? Келіссеңіз «+» белгісін, келіспесеңіз «-» белгісін қойыңыз:

№	Пікір	+/-
1.1	Мұнай экспорты дебетке қатысты	
1.2	Төлем балансы бойынша басқа елге инвестициялар кредит болады	
1.3	Инвестициядан табыс алу капитал мен қаржы құралдарымен жасалатын операциялар шотына жатады	
1.4	Қазақстан ДСҰ мүшесі болып табылады	
1.5	Теңге курсы тіркелген	
1.6	Соңғы уақыттарда саудиялық реал курсының күшеюі орын алуда	
1.7	Девальвация –бұл ұлттық валюта курсын күшейтуге бағытталған ресми әрекет	

[7]

2. Екі елдің екі тауарға қатысты өндірістік мүмкіндіктері берілген:

	Ресей	АҚШ
А	200	100
В	100	200

2.1. Осы мәліметтер бойынша елдердің салыстырмалы артықшылықтарын есептеңіз.

[5]

2.2. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы мен сауда мүмкіндіктері қисығын әр ел үшін жеке график түрінде көрсетіңіз. Айырбас пропорциясы $1A=1B$.



[6]

3.1. Халықаралық сауда төлем балансына қалай әсер етеді?

[5]


3.2. Сауда балансының тапшылығын қалай шешуге болады?

[5]

4. Халықаралық сауда ерекшеліктерін есепке ала отырып, неліктен Қытай басты әлемдік экспортқа айналғанын түсіндіріңіз.

[8]

5. Соңғы жарты жылда рубль курсы әлсіреді. Рубль курсының төмендеу себептерін түсіндіріңіз.



[8]

В секциясы

2014 жылдың 11 ақпанында ҚР Ұлттық Банкі теңге курсының 20 пайыздық девальвациясын өткізді. Қазіргі уақытта Ұлттық Банк бекіткен теңге дәлізі 185 (+3, - 15) құрайды.



Мұнайдың бағасы. <http://www.forexpf.ru>

Теңге девальвациясының экономика және тұрғындар үшін салдарын, сонымен қатар, рубль курсының девальвациясы мен мұнай бағасының төмендеуі жағдайында теңгенің болашағын бағалаңыз.

[16]

Балл қою кестесі

Сұрақ	Дағдылар тобы	Балл	Жауап	Қосымша ақпарат
1.1	1	1	-	
1.2	1	1	-	
1.3	1	1	-	
1.4	1	1	-	
1.5	1	1	-	
1.6	1	1	-	
1.7	1	1	-	
2.1	2	5	<p>Ресейде: $1A=0,5B$ $1B=2A$ (1 балл). Яғни, Ресейге А тауарына мамандану тиімдірек (1 балл)</p> <p>АҚШ-та: $1A=2B$ $1B=0,5A$ (1 балл). Яғни, АҚШ-қа В тауарына мамандану тиімдірек (1 балл).</p> <p>1 балл сандық мәндердің дұрыс көрсеткені үшін беріледі.</p>	
2.2	2	6	<p>График түрінде былай белгіленеді:</p>	<p>2 балл АҚШ пен Ресейдегі өндірістік мүмкіндіктер қисығын көрсеткені үшін</p> <p>2 балл АҚШ пен Ресейдегі сауда мүмкіндіктер қисығын көрсеткені үшін</p> <p>2 балл тауарлар мен сандық мәндердің атауын көрсеткені үшін беріледі.</p>
3.1	2	5	<p>Экспорт пен импорт елдің халықаралық саудаға қатысуын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер болып табылады. (2 балл)</p> <p>Егер экспорт импорттан артық болса, сауда балансы оң болады (1 балл). Егер импорт экспорттан артық болса, сауда балансы теріс болады (1 балл)</p> <p>Сауда балансы, өз кезегінде, төлем балансының маңызды категориясы болып табылады және оған әсер етеді (1 балл).</p>	
3.2	2	5	<p>Төлем балансы дағдарысынан қауіптеніп, көптеген елдер ағымдағы операциялар бойынша оң сальдоға ұмтылады. Бұл үшін олар оның негізі – сауда балансын реттейді.</p>	

			<p>Мұнымен қоса, олар сыртқы сауда шараларын (бірінші кезекте импортты шектеу шараларын (1 балл) және экспортты ынталандыру (1 балл) шараларын, валюталық шараларды қолданады (бірінші кезекте ұлттық валюта девальвациясы (1 балл), әдетте, бұл шара импортты шектеп, экспортты ынталандырады. Сыртқы сауданы либералдау жағдайында сыртқы сауда шараларын қолдану қиын, сондықтан валюталық шаралар басты болып табылады. Алайда, төлем балансының жүйелі оң сальдосы да экономикадағы жағымсыз жағдайларды білдіруі мүмкін (1 балл). Себебі төлем балансының мұндай сальдосында ел тұтыну мен инвестициямен салыстырғанда, көбірек тауар мен қызмет өндіреді. Ең тиімді жағдай ұзақ мерзімді кезеңде төлем балансының тепе-тең жағдайы деп есептеледі (1 балл). Алайда, бұл жағдайға қол жеткізу оңай емес, себебі ол ішкі экономикалық саясатпен қайшы келуі мүмкін.</p>	
4.	2	8	<p>Келесі пікірлердің әрқайсысына үшін 2 балл беріледі: Арзан пайдалы қазбалар Арзан жұмыс күші Логистика (су жолдары) Тұтынушыларға жақындық (Азия нарығы – 3 млрд. адамға жуық) Тиімді мемлекеттік саясат (мемлекеттік инвестициялар, салықтық жеңілдіктер, кластерлік зоналар құру)</p>	
5.	2	8	<p>Келесі пікірлердің әрқайсысына үшін 2 балл беріледі: Мұнай бағасының құлдырауы Ресейге қарсы санкциялар (ұзақ арзан ақшалар қолжетімсіз) Алыпсатарлар әрекеті Адамдар арасында абыржудың болуы (долларға сұраныстың күрт артуы) Ресей Орталық Банкінің шешімсіздігі. (бастапқыда пайыздық мөлшерлеме тек 3%-ға артқан, Орталық Банк капитал қозғалысын шектемейді) Рубль бағасын артық бағалау</p>	

В секциясы

	АО1 Білу және түсіну		АО2 Қолдану және анализ		АО3 Бағалау және рефлексия
3	Өте жақсы білу және түсіну деңгейі	3	Контентті тиімді қолдану және талдау	5-6	Тиімді бағалау және рефлексия
2	Жеткілікті білу және түсіну деңгейі	2	Контентті жеткілікті қолдану және талдау	3-4	Жеткілікті бағалау және рефлексия
1	Шектеулі білу және түсіну деңгейі	1	Контентті шектеулі қолдану және талдау	1-2	Шектеулі бағалау және рефлексия
0	Білімнің және түсінудің жоқтығы	0	Қолдану мен талдаудың жоқтығы	0	Бағалаудың және рефлексияның жоқтығы

АО1 (0-3 балл). Дағдылардың бірінші тобы

Валюталық саясаттың не екендігін білу:

- Дамыған нарықтық экономикасы бар елдердің валюталық саясаты валюта курсының саясатына, ресми интервенциялар мен алтын-валюта резервтерін басқару саясатына келіп тіреледі.

- Валюталық саясат формалары: дисконттық және девиздік. Дисконттық валюталық саясат (есептік) валюталық курс пен төлем балансын қысқа мерзімді капитал мен ішкі несиелер (ақша массасы, баға, жиынтық сұраныс) қарқынына әсер ету арқылы реттеуге бағытталған орталық банктің есептік мөлшерін есептеуді білдіреді.

- Девиздік саясат – ұлттық валюта курсына мемлекеттік органдардың шетел валютасын сату-сатып алу жолымен ұлттық валюта курсына әсер ету әдісі. Ұлттық валюта курсы арттыру мақсатында орталық банк шетелдік валютаны сатады, ал төмендету үшін сатып алады.

- Интервенция жүргізу барысында шетелдік валютаның шығындарын жабу үшін ресми алтын-валюта резервтері немесе банкаралық келісімдер бойынша орталық банктердің өзара несиелері қолданылады.

- Мемлекеттің валюта саясатының дәстүрлі элементіне валюталық курс және валюта айырбасын реттеу болып табылады. Бұл сұрақтар ұлттық және мемлекетаралық реттеудің объектілері болып табылады. Мемлекетаралық валюта реттеу органына ХВҚ жатады.

- Девальвация және ревальвация валюталық саясаттың тәсілі ретінде шетелдік валюта немесе халықаралық есептесу бірліктеріне қатысты ұлттық валюта курсы нарықтықпен салыстырғанда жоғары немесе төмен болған кезде қолданылады. Девальвация – ұлттық валюта құнының төмендеуі, ревальвация – ұлттық валюта курсының жоғарылауы.

АО2 (0-3 балл). Дағдылардың екінші тобы

Теңгенің құнсыздануы экономика мен тұрғындар өміріне қалай әсер еткендігін талдау. Талдау нақты сұраққа шоғырлануы керек. Жауапта келесілер қамтылуы мүмкін:

- Қазақстан девальвация жүргізуге мәжбүр болды. Әлемдік дағдарыстың ұлттық экономикаға жағымсыз әсерінің кең тараған түрі әлемге таралған валюта девальвациясы болып табылады. Исландия, ОАР, Бразилия, Польша, Венгрия, Түркия, Оңтүстік Корея осы тізімнің көшбасшылары. Процесс ТМД елдерін де айналып өтпеді. 2008 жылдың шілдесінен 2014 жылдың ақпанына дейін ресейлік рубль 39%-ға, украин гривені маусымнан 50%-ға құнсызданды. Беларусь рублі бір күннің ішінде 20%-ға құнсызданды. Ресей банкі рубльдің

ауытқуының техникалық дәлізін бірнеше мәрте кеңейтті. Қазақстандық тауарлар бәсекеге қабілеттігін жоғалтты. Ұлттық Банк теңге курсына ұстап тұру үшін миллиондаған доллар жұмсады. Теңге бағасы қайта есептелді.

- Девальвациядан кейін көптеген кәсіпорындар жұмыскерлердің жалақысын арттырды, сондықтан, инфляцияның салдары ауыртпалықсыз өтті. Үкімет жәрдемақылар мен зейнетақыларды, мемлекеттік қызметкерлер жалақысын арттырды.

- Жағымды жақтары: мемлекеттің алтын-валюта резервтерін сақтау / импорттың қымбаттауы отандық тауарларға сұранысты арттырды / бизнесті импорт алмастыруға ынталандыру / шикізат экспорттаушыларына түсетін табыстар / салық түсімдерінің артуы

- Бір реттік девальвация төмен қаржы шығындарымен ерекшеленеді – Орталық Банк валютаны қажетті төмен дәлізде ұстап тұру үшін қаражат жұмсайды

- Девальвацияның жағымсыз жақтары: банк секторына теріс әсер, мұнда доллардағы сыртқы қарыздың деңгейі жоғары / инфляция қарқынының жылдамдау тәуекелі, импорттың қымбаттауы / қазақстандық салымшылардың жоғалулары / тұрғындар арасында абыржу, тұрғындардың шоктық девальвацияның ескертусіз жүргізілуіне наразылық білдіруі / валюта нарығындағы алыпсатарлық / шетелдік инвесторлардың жоғалулары, ҚР инвестициялық климатының нашарлауы / тұрғындардың нақты табыстарының азаюы.

АОЗ (0-6 балл). Дағдылардың үшінші тобы.

Ұлттық валюта болашағын мұнай бағасының төмендеуі мен рубль курсының әлсіреуі жағдайында бағалау. Жауапта келесі пункттер қамтылуы мүмкін:

- Ақпан айындағы девальвациядан кейін теңге курсы қатты төмендеді, сондықтан оның белгілі бір қорғанысы бар.

- Мұнай бағасының төмендеуі төлем балансында қиындықтар тудыруы мүмкін, себебі Қазақстан экономикасы қара алтын бағасына қатты тәуелді. Бұл алтын-валюта резервтерінің қысқаруына алып келуі мүмкін және теңге курсына қысым түсіреді. Бірақ бұл қысқа мерзімде, себебі көптеген шетелдік сарапшылардың пікірінше, мұнай бағасы өте қатты төмендетілген және қайта жоғарылауы керек, себебі американдық сланец газының өндірісі мұнай бағасы барреліне 50 доллар кезінде шығынды болып табылады. Басқа жағынан, мұнай өндіруді қысқарту бойынша ОПЕК елдерінің арасындағы алауыздық және Сауд Аравиясы басшыларының мұнай бағасы барреліне 20 долларға қысқарса да, мұнай өндірісі қысқармайды деген сенімді мәлімдемесі біздің экономикамыз үшін белгілі деңгейде қауіп тудырады. Мұнайдың артық ұсынысы Иран, Ливия және Ирак елдері мұнай өндірісі көлемін қайта арттыруымен байланысты (бұл елдерде бұрын революция болды, ал Иранға қатаң санкциялар қойылды). Сауд Аравиясы бағаны төмендетуде, ал ИГИЛ қара нарықта мұнайдың бағасын нарықтық деңгейден төмендетіп жіберді. Осыған қарамастан, Ұлттық Банк өкілдерінің мәлімдемелерін есепке ала отырып, Қазақстан мұнайдың бағасына дайын және теңге курсына айтарлықтай өзгерістер енгізілмейді.

- Рубль курсының әлсіреуі біздің экономикаларымыздың интеграциялануына байланысты теңге курсына қысым көрсетуде. Көптеген қазақстандықтар Ресейге көліктер мен жылжымайтын мүлік сатып алу үшін аттануда. Бірақ 2014 жылдың соңында рубль пайыздық мөлшерлемесі 17,5%-ға арттыру арқылы 1 долларға 54 рубль деңгейіне тұрақтады. Теңге курсы рубльмен салыстырғанда, долларға көбірек тәуелді, сондықтан кезекті девальвацияға себеп жоқ.

- Ұлттық банк келесі девальвация туралы шешім қабылдамауы мүмкін, себебі алдыңғы ақпан айындағы девальвация кезінде әлеуметтік толқулар орын алған болатын. Теңге 25%-ға құнсызданды және девальвацияны қайта жасау тиімсіз, бұл Жаңаөзендегі оқиғаның қайталануына, тұрғындардың нақты табыстарының төмендеуіне және капиталдың сыртқа ағылуына, инвесторлардың сенімінің тұрақсыздық салдарынан төмендеуіне алып келуі мүмкін.

4-тоқсан

Ішкі жиынтық бағалау тапсырмалары кіріктірілген білім беру бағдарламасына сәйкес құрылған

Бөлім	Сұрақтар саны	Жалпы балл
Әлемдік экономикадағы Қазақстанның орны.	33	33
Әлемдік экономикадағы интеграция және жаһандану	27	27

Тапсырманы орындау уақыты: 80 минут

А секциясы

1. Берілген пікірлермен келісесіз бе? Келіссеңіз «+» белгісін, келіспесеңіз «-» белгісін қойыңыз:

№	Пікір	+/-
1.1	«Қазақстан 2030» - ҚР-ның негізгі дамыту стратегиясы.	
1.2	Дүниежүзілік банк пайда немесе коммерциялық табыс табуды қарастырмайды.	
1.3	Ресей - қазақстандық тауарлардың негізгі импортері.	
1.4	Қазақстан ауыл шаруашылығында мамандандырылған.	
1.5	NAFTA одағына АҚШ, Канада, Бразилия және Мексика елдері кіреді.	
1.6	Жаһандану әсерінен дамыған мемлекеттерде индустриясыздандыру үдерісі жүріп жатыр.	
1.7	«KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі	

[7]

2. Қазіргі таңда Қазақстан экономикасы біраз қиыншылыққа ұшырады.

2.2. Қазақстанның қазіргі экономикалық жағдайына SWOT-анализ жасаңыз.

[8]

2. Сіз жасаған SWOT-анализді ескеріп, Қазақстан экономикасының дамуына арналған мемлекеттік саясатты ұсыныңыз.

[7]

3. Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстан қандай мемлекеттермен тығыз қарым-қатынаста болу керек?

[6]

4. Түсіндіріңіз, неге соңғы жылдары халықаралық валюта қорының саясаты сынға ұшырады?

[8]

5. Кеңестік орталық жоспарлау жүйесіндегі мен посткеңестік аралас тәсілдегі айырмашылықтарды салыстырыңыз.



[8]

В секциясы

Қазір жаһандану деген сөзді күнде естуге болады. Жаһандану үдерістерінің әсерінен мемлекеттер арасындағы шекара бірте-бірте жойылып, әлемдегі ресурстар қолжетімді болып қалды. оның жағымды және жағымсыз жақтары бар. Типті джунглида тұрсаныз да, оның әсерін сезесіз.



Жаһандану. [http:// http://newspol.ru](http://newspol.ru)

Әлемдік экономикаға жаһанданудың салдарын бағалаңыз және «Жаһандану – жақсылық немесе жамандық?» деген сұраққа жауап беріңіз.

[16]

Балл қою кестесі
А секциясы

Сұрақ	Дағдылар тобы	Балл	Жауап		Қосымша ақпарат
1.1	1	1	-		
1.2	1	1	+		
1.3	1	1	-		
1.4	1	1	-		
1.5	1	1	-		
1.6	1	1	+		
1.7	1	1	+		
2.1	2	8	Күшті жақтар		Басқа варианттар мүмкін
			- Кең байтақ жер, ауыл шаруашылық аймақтары. - пайдалы қазбалардың қоры мол. - саяси тұрақтылық және қоғамда конфронтацияның жоқтығы	- Қазақстанның теңізге шығатын жолы жоқ - халық тығыздығы өте төмен. - шикізат тауарларының бағасынан тәуелділік. - әлсіз өңдеу өнеркәсібі. - менталитет мәселесі, бюрократия және коррупция. - Ресеймен салыстырғанда өнімнің бәсекеге төмен жарамдылығы, капиталдың кетісі	
			Мүмкіндіктер		
			- Ресей Еуропадан әкеленетін кейбір тауарларға санкция салған, оны экспорттау. - дүние жүзінде халық саны жылдан-жылға өсіп жатыр, азық-түліктердің бағасы артуда, аграрлық-өнеркәсіптік кешенде мамандандырылуға мүмкіндік. - Қытайдың перспективті үлкен нарығымен көршілес болу.	- Ресей экономикасының дағдарысқа ұшырауы Қазақстанға кері ықпал етеуі мүмкін. - мұнай бағасының күрт құлдырауы әбден мүмкін. - болашақтағы саяси белгісіздік. - теңгенің құнсыздануы.	
Әр бағананы толтыру үшін 1-2 балл қойылады.					
2.2	2	7	Келесі пікірлердің әрқайсысына үшін 1 балл беріледі: - Жемқорлықпен күресу, катал қылмыстық заңнама, қаржы бақылауы. - Саяси тұрақтылық үшін Қазақстанның келесі президентін анықтау.		Басқа варианттар мүмкін

			<ul style="list-style-type: none"> - Орта және шығын бизнесті несиелендіретін пайыздық мөлшерлемесін 2-3 пайызға дейін төмендету, жеңілдікті салық тәртіптемесі. - Ауыл шаруашылығын дамыту қажет. Генетикалық модификацияланған организмдерді белсенді түрде қолдану. Дүниежүзілік нарықтарға шығу және етті, жүнді, сүт өнімдерін, былғары бұйымдарды, бидайды, күрішті, қантты, мақтаны, жеміс-жидектерді экспорттау. - Шетелден лицензиялар мен патенттерді импорттау. - Жоғары технологиялы кәсіпорындарды және инвестициялық қызметті қарқындата дамыту керек. - Арнайы салықтық жеңілдіктер арқылы стратегиялық жобалар үшін өндірістердің Қазақстан үшін жаңа түрлерін құратын және кеңейтетін және кейінмен жоғары қайта бөлулер үшін технологиялық мүмкіндіктер ашатын жобаларға салынатын инвестицияларды ынталандыру қажет. - Брендтеу жұмыстары, Сыртқы істер министрлігі шетел елдермен ынтымақтастықты орнату керек, жаңа перспективті нарықтарға шығу, "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігін қосымша қаржыландыру. - Дуалды білім беру жүйесін енгізу. Дуальная система образования. Оқуды парктикамен қоса атқару. - Отандық компанияларға KASE биржасына шығуды жеңілдету. IPO арқылы халықтан инвестицияларды тарту 	
3.	2	6	<p>Келесі пікірлердің әрқайсысына үшін 1 балл беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Көпвекторлы сыртқы саясаты жүргізу қажет. - Тәуелсіз саясатты жүргізу үшін, Ресеймен саяси емес, тек қана экономикалық ынтымақтастықты жүргізу қажет. - Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастық өте тиімді болуы мүмкін. Бірақ Қытай экспансиясы Қазақстанға қауіп төндіруді мүмкін, сондықтан Қытай инвестицияларына абай болу керек, көбінесе саудаға ерекше көңіл аудару қажет. - Иранда бізге әлеуетті сауда серіктес, өткізу нарығы өте үлкен (халық саны 80 миллион). Каспий арқылы сауда. - Біздің оңтүстіктегі дамушы көршілес елдер, - Қырғызстан, Өзбекстан және Түркіменстан. Өңдеу өнеркәсібінің өнімдерін экспорттау. - Батыс Еуропадан және АҚШ-тан инвестиция тарту, технология және патенттерді импорттау. - БҰҰ, ҰҚТК, ТМД, ИЫК, ШЫҰ, ЕЭҚ, ЕҚЫҰ ұйымдарымен ынтымақтасу. - ЕО-пен ынтымақтасу, NAFTA, АРЕС және MERCOSUR нарықтарына шығу. 	Басқа жауаптар да мүмкін

4.	2	8	<p>Келесі пікірлердің әрқайсысына үшін 2 балл беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Халықаралық валюта қоры — мүше мемлекеттер арасындағы валюта несие қатынастарын реттейтін, төлем теңгерімінің тапшылығынан валюталық қиындықтар туындаған кезде оларға шет ел валютасымен қысқа және орта мерзімді несие беру жолымен қаржы көмегін көрсететін халықаралық ұйым. Ресми мақсаты — валюта-қаржы саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа және дүниежүзілік сауданы дамытуға жәрдемдесу. - Әрбір елдің салыстырмалы экономикалық және қаржылық қуатына сай есептелген квота белгіленді. Алайда 1999 жылдың 31 қаңтарына ХВҚ-ның жиынтық ресурстарындағы АҚШ-тың үлесі 18 пайыздан асып түсетін еді. Осының өзі шешім қабылдау үшін 85 пайыздан кем емес дауыс жинау қажеттігі жағдайында, іс жүзінде АҚШ-қа Қор жұмысын басқару жөніндегі кез келген шешімге veto қоюға мүмкіндік беретін. Сөйтіп, бүгін байқасақ бүкіл әлем қаржы-экономикалық мәселеде АҚШ-тай алпауыттың әлімжеттігі мен озбырлығынан дағдарысқа ұшырап отыр. - Әр мемлекет халықаралық валюта қорынан несие алу үшін келесі міндеттемелерді орындау керек: — капитал айналымының еркіндігі, жекешелендіру (табиғи монополия, теміржол көлігі және тұрмыстық қызмет), әлеуметтік бағдарламаларға шығындарды азайту – білімге, денсаулық сақтауға, тұрғын үйлерге, қоғамдық транспортқа және т.б; қоршаған ортаны сақтаудан бас тарту; жалақыны азайту, жұмысшылардың құқығын шектеу; салықты көбейту. - Мысалдар: 1980-ші жылдары Югославияға берілген кредиттердің көп бөлігі сол кредиттің қызмет көрсетуіне және ХВҚ берген кеңестерінен пайда болған мәселелерді шешуге кеткен. ХВҚ Югославияны өз аймақтарын экономикалық жағынан дамытпауға мәжбүр етті, ақырында сепаратизм таратылып, мемлекет азаматтық соғысқа ұшырады (600000 шақты адам қаза тапты). 1989 жылы Руандаға несие келесі шарттарда берілген: үкімет фермерлерді субсидияландырудан бас тартады және жергілікті валютаның құнсыздануын өткізеді. Ол әрекет халық табысының азаюына әкеліп, хуту мен тутси арасындағы азаматтық соғысының басты себебі болды (15000000 шақты адам қаза тапты). 1980-ші жылдары мұнай бағасы құлдырап кеткен соң Мексика дағдарысқа ұшырады. Несие келесі шарттарда берілген: ауқымды жекешелендіру, мемлекеттік шығындарды қысқарту және т.б. 	Басқа жауаптар да мүмкін
----	---	---	--	--------------------------

			Сонымен шамамен мемлекеттік шығындардың 57 пайызы сыртқы борышты өтеуге қызмет көрсетуге кеткен. Капиталдың кетісі 45 млрд доллар болды. Жұмыссыздық 40 пайызға дейін жетті. Мемлекет NAFTA одағына кіруге мәжбүр болды және американдық корпорацияларға үлкен жәңілдіктер жасады. Мексикалық жұмысшылардың табысы күрт азайды.	
5.	2	8	<p>Келесі пікірлердің әрқайсысына үшін 2 балл беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әкімшіл-әміршіл жүйе кезінде мемлекеттік меншік октемдікте болды, ал аралас экономикада жеке меншік. Қазір дүкендерде үлкен кезектер жоқ, өйткені көп жеке дүкендер ашылды. - Жоспарлы экономикада іс-әрекеттің шектен тыс бақылауы болған, дербес компаниялар өте аз болған. Ал аралас экономикада тұтынушы мен кәсіпкерлердің іс-қимылы және таңдау еркіндігі жүзеге асырылған. Мемлекет шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіп, субсидияларды бөледі, салық жеңілдіктерін ұсынады. Қазір дүкендерде әртүрлі тауарлар сатылады. - Жоспарлы экономикада тауарларға мемлекеттік баға реттеу жүйесі болған, қазір нарықтық. Бірақ кейбір кедей адамдардың ақшасы жетпейді, сондықтан халықтың әлеуметтік тұрақтылығы, оның әлеуметтік қорғалуы үшін үкімет арзан бағамен сатылатын азық-түлік әлеуметтік дүкендерді ұйымдастырады. - Әкімшіл-әміршіл экономикалық жүйеде кейде мемлекеттік иррационалды жоспарларды жүзеге асыруға мәжбүр болғансын. Аралас экономикада кәсіпкер өз мүддесін өзі үшін ұтымдылық жағдайда көздейді, көздей тұрғанымен ол қоғам мүддесіне де қызмет етеді. Шағын кәсіпорындар иелері қор жинауға және инвестицияға бейім болып келеді, оларға табыстарға жетуде үнемі жеке ынталандыру, басқаша айтқанда, жеке мотивация жоғары деңгейде болады. становится более эффективным. 	Басқа жауаптар да мүмкін

В секциясы

	АО1 Білу және түсіну		АО2 Қолдану және анализ		АО3 Бағалау және рефлексия
3	Өте жақсы білу және түсіну деңгейі	3	Контентті тиімді қолдану және талдау	5-6	Тиімді бағалау және рефлексия
2	Жеткілікті білу және түсіну деңгейі	2	Контентті жеткілікті қолдану және талдау	3-4	Жеткілікті бағалау және рефлексия

1	Шектеулі білу және түсіну деңгейі	1	Контентті шектеулі қолдану және талдау	1-2	Шектеулі бағалау және рефлексия
0	Білімнің және түсінудің жоқтығы	0	Қолдану мен талдаудың жоқтығы	0	Бағалаудың және рефлексияның жоқтығы

АО1 (0-3 балл). Дағдылардың бірінші тобы

Жаһандану не екендігін білу:

- Жаһандану - жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі..

- Ғаламдану қандай да болсын үдерістің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрылық шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық, жұмыр жерлік, бүкіл әлемдік деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым. Жаһандану – үдеріс, орын алып отырған, әлі өз мәресіне жетпеген, аяқталмаған іс. "Жаһандану" бүкіл жер жүзінде жайылу, таралу деген мағынаны да, әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екпініне ілесу дегенді де білдіреді.

- Қоршаған орта, түпкі ресурстар (энергия, су, азық-түлік), демография, көші-қон толқындары, есірткі тасымалы, халықаралық терроршылдық проблемалары жекелеген елдер күшімен шешілуі мүмкін емес. Ақпараттық төңкеріс бұл проблемалардың жаһандық өлшемге ие болуына ықпал етті. Бұл үрдіс трансұлттық экономика мен жалпыадамдық құндылықтарды қорғауға негізделген халықаралық ұйымдар жүйесі ықпалын күшейтеді. Жаһандану әлеуметтік феномен ретінде көп қырлы және көптеген құрамдас бөліктерді қамтиды. Негізінен, оны ұлттық және әлемдік шаруашылықтың техникалық және қаржылық жағынан дамуының нәтижесі деп есептейді. Алайда әлеуметтік-мәдени өзгерістер, адамдар тұрмысының өзгеруі, адамзаттың қоршаған ортамен қарым-қатынасының күрделенуі де Жаһандануға елеулі ықпал жасап отыр.

АО2 (0-3 балл). Дағдылардың екінші тобы

Дүниежүзілік экономикаға және халыққа жаһанданудың жағымды және жағымсыз ықпалын талдау. Талдау нақты сұраққа шоғырлануы керек. Жауапта келесілер қамтылуы мүмкін:

- Жаһанданудың жағымды нәтижелеріне мыналар жатады: неғұрлым жылдамырақ экономикалық даму, өмір деңгейінің жоғарылауы, техникалық жаңалықтар мен басқару дағдыларын жеделдетіп енгізу және тарату, жеке тұлғалар үшін де, ел үшін де жаңа экономикалық мүмкіндіктер туғызу.

- Халықаралық бизнестің басты ерекшелігі – ол мемлекеттің сыртында, яғни шетелдерде, екі немесе одан да көп серіктестермен жұмыс істеу арқылы жүргізіледі. Кәсіпкерлік саласының негізгі субъектілерінің жұмыс істеу алаңы – әлемдік нарық, оның ішінде – тауар, қызмет көрсету, жұмыс күші, қаржы нарығы. Соңғы аталғандар ұлттық (ішкі) өндірістік факторларды толық әрі рационалды жолмен іске салуды қамтамасыз етеді. Себебі халық-аралық еңбек бөлінісіне бай-ланысты дүниежүзілік эконо-микалық қарым-қатынастарға енген әрбір мемлекет тауарларды өзінің салыстырмалы артықшы-лықтарына байланысты өндіреді. Қазіргі таңда кәсіпкерлер үшін өз елінде сұраныс жоқ немесе өн-діруге қиын тауарларды өзге ел-мен жұмыс істей отырып өндіріп, нарыққа шығаруына қолжетімді жағдайлар жасалған.

- Халықаралық сауда – жаһанданудың ең алғашқы және басты қайнар көзі, әрі халық-аралық қатынастарды дамытуда қолданылатын ең негізгі құрал болып табылады.

- Қабылдаушы елдерде тұратын халықты бұл трансұлттық компаниялар мыңдаған жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Сол елдің на-рығына жаңа, бұрын кездеспеген тауар мен қызметтердің тара-луына ынтасын қосады.
- Коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану; жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез дамуы
- Әлеуетті тұрақсыздық. Қазіргі жаһандану заманында мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстар бір-бірімен тығыз орнығуда, сондықтан бір елде болған экономикалық толқындар мен өзгерістер, басқа да мемлекеттің экономикасына кері әсер етпей қоймайды. Бұл байланыстың тығыздылығының «қаттылығы» сонша, ол географиялық тұрғыда әр түрлі құрлықта орналасқан мемлекеттер арасындағы алшақтықты сездірмеуде.
- Халықаралық нарық толығымен көпұлтты компаниялардың және дамыған постиндустриалды елдердің "ойын ережелеріне" бағынады. Дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, ғылым, техника және технологиялар деңгейі әзірге өте төмен, ал бұл өз кезегінде олардың дамыған елдермен қатар бір деңгейде әлемдік нарықта бәсекеге түсуге мүмкіндік бермейді.
- Жаһандану кезінде ұлттық санаға, ұлттық болмысқа, ұлттық мәдениетке үлкен қауіп төнеді. Бұл процесс іске асқанда жер жүзінде ең алпауыт 2-3 ұлттың тілі, мәдениеті, болмысы ғана сақталып қалуы мүмкін. Ал, қалған ұлттар өзін ұлт ретінде сақтап қала алмай, жойылып кетуі мүмкін. Американизация үрдісі.
- Әлемдік жүйе аясында ұлттар арасында және ұлт шеңберіндегі жеке адамдардың арасындағы теңсіздік. Қазіргі кезде ғаламдық әділетсіздіктің бұл екі қыры ұқсас бағытта дамуда, ұлттар арасындағы алшақтық жеке адамдар арасындағы алшақтыққа да таралуда. Бұл Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы алшақтықты айдан анық етеді.

АОЗ (0-6 балл). Дағдылардың үшінші тобы.

Жаһандану үрдісінің перспективаларын бағалау және жағымсыз ықпалын жою жөніндегі механизмді ұсыну. Жауапта келесі пунктер қамтылуы мүмкін:

- Ол сұраққа нақты жауап жоқ. Жаһандану — мемлекетаралық құрылымдардың күшею үрдісі. Мемлекетаралық экономикалық және әскери-саяси одақтар жаһанданудың барынша жоғары деңгейдегі мәнін көрсетеді. Бұл ретте жаһандану нәтижесінде болашақта ұлттық мемлекеттерге немесе басқа да аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжам айтылады. Бірақ ол ұлттар мен халықтар арасындағы этникалық және мәдени айырмашылықтар барынша жойылған жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін. Кейбір мамандар дәстүрлі мемлекеттерді аймақтық қауымдастықтардың ығыстыру үрдісі дами түседі деп есептейді.
- Өте ауқымды болып келетін өндірістік-қаржы ресурстарының трансұлттық корпорациялардың қолына шоғырлануы оларды, шындығында, әлемнің нағыз қожасына айналдырады. Нәтижесінде трансұлттық мемлекеттер өз егемендігінен айрылып, өз елдерінің нарықтарындағы қаржы-экономикалық жағдайды бақылау тізгінін босатып алады.
- Болашақта барлық мамандықтар мен жұмыс орындарында роботтар жұмыс жасайтын болады. Адам баласының жасай алатын барлық аланды, роботтар басады деген болжам жасапты жапондықтар. 1000-ға жуық ТҰК қалады, және кейбір салаларда шағын және орта бизнес болады. Кейбір салаларда ғана адам еңбегі қажет болады. Ол жұмыссыздыққа әкеледі. Қазіргі ақша жүйесі трансформацияланады.
- Өндіріс ресурс қол жетімділігімен шектеледі. Су ресурстарының тапшылығы.
- Мүмкін мемлекеттер арасындағы шекералар жойылады.
- Жаһанданудың жағымсыз жақтарын жоюға механизмдері жоқ. Бүкіл мемлекеттердің өздері оған талпынады және жікке бөлініп, бір-бірімен бәсекелесіп жатыр.